

Ортаңғы
«Ақтиін» тобының



«Ардақты анашым»
Атты мерекелік шарасы

Жүргізген: Елекенова С, Қабденова А

Тақырыбы: «Ардақты анашым!»

Мақсаты: 8 Наурыз –Аналар мерекесіне орай ұйымдастырылатын іс-шаралар арқылы бүлдіршіндерді шығармашылыққа баулу,сұлулықты сезіне білуге,мейрімділікке, үлкенді құрметтеуге , ана еңбегін қадірлей білуге тәрбиелеу.

Кейіпкер: Көктем аруы,үй шаруасындағы ана.

Барысы: «Қыздар ай»әнімен бірінші ұлдар,одан кейін қыздар кіріп келеді.



Жүргізуші:

Аналарды сүйеміз!

Сөзін ойға түйеміз.

Әрқашан біз ардақтап,

Әжеге бас иеміз!

Сенен өскен балалар-

Батырлар мен даналар.

Құттықтаймыз мейраммен

Құрметті апа, аналар!

Жүргізуші:Қымбатты да ардақты, аяулы аналар мен құрметті көктемдегі құлпырған қыздар!

Гүл көктем, ару көктем, күн көктем!

Сіздерді көктемнің алғашқы айындағы 8-наурыз әжелер, аналар, қыздар мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз! Сіздерге әлемнің нұрын,өмірдің гүлін,көктемнің шуағын тілейміз! Мына жарық дүниенің мәні де, сәні де сіздерсіздер! Балалардың сіздерге арналған «Аяулы анашым» атты ертеңгілігін қабыл алыңыздар.

Жүргізуші:

Балалар ең асыл жан кім? \Ана\

Айым,күнім, ботақаным деп еркелететін кім? \Ана\

Балалар бізге ең тәтті,ең дәмді тағамды кім дайындап береді ? \Ана\

Сонымен бүгін қандай мереке? \Аналар мерекесі\

Осындай үлкен мерекеде аналардың жүзіне кішкене болса да қуаныш сыйлағымыз келе ме? \ Иә \

Ендеше бәріміз орынымыздан тұрып аналарға арнап ән айтып берейік.

Хор: «Ана деп ән салам»

Жүргізуші:

Ақ анашым, әппағым.

Өзің жайлы тақпағым.

Арналады сіздерге.

Бар баланың тақпағын,-дей отырып балалардың тақпақтарын қабыл алыңыздар!

Ж.Раяна:

Бар табиғат нәр алып,

Шыға келер жаңарып

Қызғалдақ боп құлпырып

Көктем біздің балалық

М.Аяулым

Мәпелеп мені өсірген

Ризамын мен өзіңе

Ана деген керемет

Сыйлап өтем өмірде

Әділхан

Бесіктерін әнімен

Тербетуде аналар

Жасай берсін сәнімен

Жер бетінде аналар

Исмайл

Сенен өскен балалар

Батырлар мен даналар

Құттықтаймыз мейраммен

Құрметті аналар

Мариям

Ақ қабақты анашым

Күн сәулелі анашым

Әлпештеген баласын

Айналайын анашым

Р.Аяла

Анам, анам, ақ анам

Мен өзіңдей ақ балам

Айтқан тілді аламын

Жұмсағанда барамын

Зере

Ақ мамады әрқашан

Сағынамын,сыйлаймын

Мейрам сайын мен оған

Түрлі сыйлық сыйлаймын

Жүргізуші:

Ақ қар еріп,

Су көбейіп! Сай салаға толады.

Ағаш басы бүршік атып,

Гүл бәйшешек басады.

Балаларым айтындаршы бұл қай кезде болады? \Көктем мезгілінде \

Көктем Аруы келіп, балалар мен ,ата-аналармен амандасады.

Көктем:Сәлеметсіздер ме,қонақтар!Айнала қандай тамаша!Балалар бәрін бүгін әдемі киініп алыпсыңдар ғой!Міне мен сендерге асыға жеттім.

Сәлем бердім,нәзік сұлу қыздарға!

Сәлем бердім,ер жүрек бар ұлдарға!

Кездесуге асықтым мен сіздермен,

Биленсін би,айтылсын ән бұл залда!

Көктеммін мен!

Мерекемен құттықтағым келеді

Ақ әжелер, аяулы бар аналар!

Мерекеміз құтты болсын балалар!

Жүргізуші: Көктем Аруы қош келдің, төрлет Көктем Аруы! Біз сені көп күттік! 8-Наурыз аналар мерекесіне арналған балалардың өнерін тамашалаңыз!

Жүргізуші:

Мың бұралған ақ қайындай

Бишілер шықсын ортаға.

Ал ендеше қол соғайық,

Қошеметпен қолқала.

Ендеше қыздарымыздың «Гүлдер» биін тамашалаңыз



Көрініс «Анамыз үй шаруасында»



Көктем: Ой, қандай керемет!

Ойынның аты: «Орамал ілу»



Ойынның шарты: табакқа орамалдар беріледі. Балалар екі топқа бөлініп, орамалдарды іледі. Балалар шапшаңдықпен орамалдарды іліп шығады.

Жүргізуші:

Мерекеге арналады бүгін билер ,

Көтерілсін канекей, көңіл күйлер

Алдарыңызға қазір ұлдар биі.

Қол соғып демеу берер көрермендер

Ұлдар биі: «Флешмоб»



Көктем: Ендеше аналарымызбен де ойын ойнап көрейік.

Аналармен ойын «Ананың бетінен сүй» жарысы. Шарты: Екі бала аналардың бетінен сүйіп, қолдарына аналар «ерін» суретін ұстатады. Кім көп ерін суретін жинаса, сол жеңіске жетеді.

Жүргізуші:

Күндеріңіз толсын гүлге, желекке

Отбасында болсын ырыс-береке

Құттықтаймыз шын жүректен сіздерді

Өмір-думан, бақ әкелсін мереке -дей отыра бүгінгі мерекеге арналған ертеңгілігімізді әсем әнмен аяқтағымыз келіп тұр. Балдарды қолдарында жүрекше.«Мама я тебя люблю» әні.



Тамашалағандарыңызға рахмет!

